

Қанибаева Қарлығаш

Көкнәр туысының кең таралған түрлерінің морфо- анатомиялық ерекшеліктері

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, магистрант

Түйін сөздер тұқымдас, түр, көкнәр, өсімдік

Көкнәрлер тұқымдасына 24 туыс, 250 түр жатады. Басым көпшілігі шөптесін өсімдіктер, кішігірім ағаштары мен бұталарыда бар. Олар жершарының солтүстік бөлігінде, әсіресе субтропикалық және қоңыржай климатты аймақтарында көптен кездеседі. Жапырақтары кезектесіп орналасады, шеттері тілімделген болып келеді. Сабағында қауашағында морфин, кодеин тағы басқа, апины бар сүтті шырындар жиналады. Гүлдері үлкен, қос жынысты, дұрыс гүл. Тостағанша жапырақшаларының саны 2, олар гүл ашылысымен түсіп қалады. Күлте жапырақшасының да саны 4, олар екі қатар шеңбер түзіп орналасады. Күлте жапырақшаларының түсі қызыл, сары, ақшыл болып келеді. Аталығы көп, аналығы да көп. Аналығы көптеген жеміс жапырақшаларынан тұрады. Жатыны екі немесе көп ұялы және жоғарғы болып келеді. Аналығының мойны жоқ, отырмалы болып келеді. Жемісі қауашақ. Тұқымдары ұсақ, түсі қара, эндоспермі майлы болып келеді. Тұқымдастың өкілдері насекомдармен, жел арқылы да тозаңданады.

Көкнәрлер тұқымдасының формуласы:

* ♀♂ T₂ K₂₊₂ A_∞ Ж_∞

Үлкен сүйелшөп – *Chelidonium majus* L. Көпжылдық шөптесін өсімдік.

Морфологиясы: Өсімдіктің сабағының ұзындығы 50-100см биіктіктегі тік сабақтарға ие. Сабағын сындырған кезде –қалың сүтті шырынға толы тамшыларын секреторлық каналдары табылады. Шырыны ауада қызғылт түске айналады. Гүлдер кәдімгі, алтын сары, қарапайым қолшатырмен жиналған, әр гүлдің ұзындығы шамамен 1 см болатын төрт жапырақшадан тұрады. Күлте желектері дөңгелек, ашық-сары; аталықтары көп; қорапшасы 1-ұялы, 2-жақтаулы; жапырақтары лира тәрізді қауырсынды тілімделген. Биіктігі 80 см дейін [1].

Химиялық құрамы: Өсімдік улы. Құрамыда изохинолин алколоидтарды, бензофенантридин туындыларды: гомохелидонин, хелеритрин, хелидонин, сангвинарин, протопин т.б. 20-дан астам алкалоид бар. Хелидонин -папаверин мен морфинға құрамы ұқсас алколоид. Гомохелидонин - күші көп у. Аз мөлшерде эфир майлары да табылған. Аскорбин қышқылы (1000 мг-ға дейін), каротин, флавоноидтар, сапониндар, органикалық қышқылдар болады.

Гүлдеуі: Мамырдан тамызға дейін гүлдейді.

Қазақстанда таралуы: Шөлдерден басқа, барлық Қазақстанның жазықты және төменгі тау белдеулеріндегі өзен аңғарларында, көлеңкелі жерлерде, ормандарда, бұталарда, беткейлерде, ұсақ тау жыныстарында кездеседі. Дәрілік, улы, техникалық өсімдік (1-сурет) [2,3].

Жалпы таралуы: Еуропа елдеріде және Жерорта теңізінің елдерінде арамшөп ретінде кең таралған. Америкаға 1672 жылы колонизаторлармен сүйел емдеу үшін алып барылған.



1-сурет – Үлкен сүйелшөп – *Chelidonium majus* L. Ескертулер – сурет [1] негізінде құрастырылған

Кәдімгі мүйізкөкнәр – *Glaucium corniculatum* (L.) Gurf. Біржылдық шөптесін өсімдік.

Морфологиясы: Күлте желектері қызыл, түбінен қара дақты, кейде жиектері сары; тостағанша жапырақшалары гүлшанақта жұмсақ, ақ, бұйра қылшықты; түйіні мен қорапшасы жіңішке, ақ қылшықтармен қалың жабылған. Қорапшалары төбесінен түбіне қарай ашылады; аналық аузы горизонтальды, кейде жоғары қарай көтерілмелі қауызды, қорапшалары түбінен төбесіне қарай ашылады; аналық аузы төмен қарай қараған қауызды. Биіктігі 50 см дейін (2-сурет) [4,5].

Гүлдеуі: Сәуір-мамыр айларында гүлдейді.

Қазақстанда таралуы: Қазақстанның солтүстігінде және батысында жолдар бойында және егістіктерде, алқаптарда кездеседі. Арамшөп.



2-сурет—Кәдімгі мүйізкөкнәр – *Glaucium corniculatum* (L.) Gurf.

Ескертулер – сурет [8] негізінде құрастырылған

Әсем мүйізкөкнәр – *Glaucium elegans* Fischer. Біржылдық шөптесін өсімдік.

Морфологиясы:Күлте желектері сары, түбінен қызыл дақты; түйіні мен қорапшасы әдетте тікенек тәрізді бүртікшелермен қалың емес жабылған, сирек жалаңаш. Биіктігі 30 см дейін (3-сурет) [6,7].

Гүлдеуі:Сәуір-мамыр айларында гүлдейді.



3-сурет –Әсем мүйізкөкнәр – *Glaucium elegans* Fischer.

Ескертулер – сурет [1] негізінде құрастырылған

Қазақстанда таралуы: Жетісу Алатауы белдеулеріндегі шөгінділерде, тасты және қиыршық тасты беткейлерде кездеседі.

Жалбыр мүйізкөкнәр – *Glaucium fimbrilligerum* Boiss. Екіжылдық шөптесін өсімдік.

Морфологиясы: Күлте желектері ашық-сары; тостағанша жапырақшалары гүлшанақта жалаңаш немесе ине тәрізді қылтанды; түйіні мен қорапшасы жалаңаш немесе қылтандармен жабылған. Биіктігі 60 см дейін (4- сурет) [8].

Гүлдеуі: Сәуір – маусым айларында гүлдейді.



4 сурет – Жалбыр мүйізкөкнәр – *Glaucium fimbrilligerum* Boiss.
Ескертулер – сурет [8] негізінде құрастырылған

Қазақстанда таралуы: Тарбағатай, Жетісу Алатауы мен Тәңіртаудың ортаңғы тау белдеулеріне дейінгі малта тасты өзен аңғарларында, тасты және лессты беткейлерде кездеседі. Улы, дәрілік, сәндік өсімдік.

Бұдыр мүйізкөкнәр – *Glaucium squamigerum* Kar. et Kir. Көпжылдық шөптесін өсімдік.

Морфологиясы: Күлте желектері боз-сары, кейде ортасы ақ дақты; түйіні мен қорапшасы ақ, ине тәрізді бүртікшелермен қалың жабылған. Биіктігі 40 см дейін (5-сурет) [9,10].

Гүлдеуі: Мамыр-шілде айларында гүлдейді.

Қазақстанда таралуы: Алтайдан Батыс Тәңіртауға дейінгі тасты және қиыршық тасты беткейлерде, керішті жарқабақтарда және шөгінділерде кездеседі.



5 сурет—Бұдыр мүйізкөкнәр – *Glaucium squamigerum* Kar. et Kir.

Ескертулер – сурет [6] негізінде құрастырылған

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қазақстан флорасы. 4 том. – А., Ғылым. 1961. Б. 143-145.
- 2 Қазақстанның өсімдіктер әлемі. А., Принт, 2008. Б. 23-28.
- 3 Армен Тохтаджян. «Система магнолиофитов». Л.: Наука, 1987. с. 63-65.
- 4 Губанов И. А., Киселёва К. В., Новиков В. С., Тихомиров В. Н. Иллюстрированный определитель растений Средней России. Том 2. Покрытосеменные (двудольные: раздельнолепестные). М.: Т-во научных изданий КМК, Ин-т технологических исследований, 2003. С. 249-252.
- 5 Қазақ Совет Энциклопедиясы. 5 том. Алматы 1989 ж. Ғылым. Б. 147-149 бет.
- 6 Қазақстан Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. Б. 89-91.
- 7 Байтенов М.С. Реликты флоры Казахстана // Охрана растительного мира Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1988. С. 149-151.
- 8 Байтулин И.О., Котухов Ю.А., Синицына В.Г., Иващенко А.А. Флора хребта Азутау (Южный Алтай) // Флора Восточного Казахстана. Алма-Ата:

Гылым, 1991. С. 24-136.

9Аралбай Н.К., Қасенова Б.Т. Қазақстан флорасындағы Көкнәр тектілер әулеті (*Papaverales*) туралы. /Материалы конференции посвященной 45-летию Мангышлакского экспериментального бот.сада. Актау 2017. С. 54-56.

10Камелин Р.В. Биологическое разнообразие в интродукции растений // Раст. рес. СПб., 1997. Вып. 3. С. 1-12.